«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» атты диссертациялық жұмысы Қазақстандағы ғылымды дамытудың стратегиялық бағыттарына **толық сәйкес келеді**. Диссертация тақырыбы қазіргі қоғамдағы білім беру саласы, тұлғаны тәрбиелеу мен рухани-мәдени құндылықтарды дамыту мәселелеріне бағытталған, мемлекеттік және салалық басымдықтармен үйлесімді. Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және «Рухани жаңғыру» мақсатындағы білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, рухани мұраттарды жаңғырту талаптарына сай.

Scanned with CamScanner

			Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. Диссертациялық жұмыс «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша ұсынылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымға **елеулі үлес қосады,** зерттеуде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын талдаудың жаңа қырлары **ашылған**. Жұмыстың маңыздылығы теориялық-әдіснамалық негіздерді толықтыруымен, тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту тұжырымдамаларын қарастыруымен, рухани дүниетанымды зерттеу саласына қосқан үлесімен айқындалады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Паридинова Ботагоз Жаппаровна ғылыми зерттеулер жүргізудің академиялық адалдық қағидаларын қатаң сақтаған. Зерттеу мазмұны, теориялық тұжырымдары, әдіснамалық тұғырлары мен тәжірибелік нәтижелері диссертанттың дербес ізденістерінің

Scanned with CamScanner

			нәтижесі болып табылады. Диссертацияда пайдаланылған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге тиісті сілтемелер беріліп, ғылыми дәйектілік толық сақталған. Өзі жазу деңгейі **жоғары**, себебі диссертациялық жұмыс мазмұны мен құрылымын талдау нәтижесі оның ғылыми дербестікпен орындалғанын, ізденушінің зерттеу мәселесін терең меңгергенін және ғылыми пайымдауларды өз бетінше негіздей алғанын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс мазмұнының логикалық бірлігі мен құрылымдық тұтастығы сақталған. Зерттеудің мақсаты, міндеттері, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, әдіснамалық негіздері мен қорытындылары өзара үйлесімді байланыста қарастырылған және біртұтас ғылыми жүйеде ұсынылған. Диссертация тараулары арасында мазмұндық сабақтастық қамтамасыз етіліп, теориялық қағидалар мен тәжірибелік нәтижелер бірін-бірі толықтырып отырады. Зерттеу құрылымы диссертанттың ғылыми тұжырымдарын кезең-кезеңімен дәлелдейді және жұмыстың ішкі бірлігін көрсетеді. Диссертация тақырыбының өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын

Scanned with CamScanner

			дамыту, тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын жетілдіру қажеттілігімен **негізделген**. Ізденуші зерттеу мәселесінің әлеуметтік-педагогикалық маңызын айқындап, қоғамның рухани жаңғыру жағдайында педагог кадрлардың құндылықтар бағдарларын дамытудың ғылыми және практикалық өзектілігін дәлелдейді. Зерттеу тақырыбы білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби және рухани дамуын қамтамасыз ету міндеттерімен тығыз байланысты. Диссертацияның өзектілігі теориялық тұжырымдар, нормативтік құжаттар және заманауи педагогикалық тәжірибе талаптарымен толық **негізделген.**
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін ашып, негізгі бағыттары мен ғылыми мазмұнын **айқындайды.** Жұмыс құрылымы мен тараулары зерттеу тақырыбына сәйкес жүйелі құрылған: теориялық бөлімде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдістемелік негіздері қарастырылады, тұжырымдамалық негіздер бөлімінде құрылымдық-мазмұндық модель

Scanned with CamScanner

			әзірленіп, тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту технологиясы анықталады, тәжірибелік-эксперименттік бөлімде тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы аталған сапаларды дамытудың мазмұны, әдістері мен технологиялары талданып, нәтижелері ұсынылады. Диссертация мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді және тақырыпта көрсетілген ғылыми мәселені кезең-кезеңімен ашуға бағытталған. Әр тарау мен тармақ зерттеу логикасын сақтап, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту жолдарын теориялық негіздеу және тәжірибелік дәлелдеуге қызмет етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері **жұмыс тақырыбына сәйкес келеді** және мазмұндық бағытын нақтылайды. Зерттеу мақсаты болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытудың теориялық-әдіснамалық тұғырларын айқындау, әдістеме әзірлеу және тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен дәлелдеуге бағытталған. Аталған мақсатқа қол жеткізуде қойылған міндеттер зерттеу логикасына сай жүйеленіп, теориялық

Scanned with CamScanner

			талдау жүргізу. ұғымдық-категориялық аппаратты нақтылау, құрылымдық-мазмұндық модель әзірлеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру және нәтижелерін қорытындылау сияқты өзара байланысты кезеңдерді қамтиды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыс құрылымы ғылыми зерттеу талаптарына сәйкес құрылған және барлық тараулары өзара логикалық жағынан **толық байланысқан.** Жұмыстың кіріспе бөлімінде негізделген ғылыми аппарат негізгі тараулардың мазмұнында бірізді түрде дамытылып, қорытынды бөлімде нақты нәтижелермен тұжырымдалған. Теориялық бөлімде қарастырылған тұжырымдамалар мен ғылыми қағидалар тәжірибелік-эксперименттік бөлімде жалғасын тауып, әдістемелік ұсыныстар мен құрылымдық-мазмұндық модельмен дәлелденген. Әрбір тарау мен тармақ зерттеу логикасына сәйкес құрылып, диссертант ұсынған ғылыми идеялар мен тұжырымдардың ашылуына мүмкіндік береді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста Паридинова Ботагоз Жаппаровна ұсынған ғылыми қағидаттар, әдістер

Scanned with CamScanner

		1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	мен әдістемелік шешімдер теориялық жағынан негізделіп, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Зерттеуде тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық тәсілдер ұсынылып, олардың тиімділігі теориялық-әдіснамалық тұрғыда талданған. **Сыни талдау** барысында халықаралық деңгейдегі теориялық үлгілер шектеулері анықталып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары бағаланады. Паридинова Б.Ж. ұсынған құрылымдық-мазмұндық модель, әдістемелік жүйе және практикалық ұсыныстар ғылыми дәлелдер, тәжірибелік деректер және салыстырмалы талдаумен негізделген. Диссертант зерттеу мәселесіне қатысты түрлі ғылыми тұжырымдамаларды талдап, өз зерттеуінің нәтижелерімен сабақтастырып, ғылыми негізделген қорытындылар жасаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс **ғылыми жаңашылдық** қағидатына **толық сәйкес келеді.** Зерттеуде педагогика және психология ғылымдарының заманауи даму талаптарына сай болашақ мұғалімдердің рухани

Scanned with CamScanner

			дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытудың жаңа ғылыми-әдіснамалық тәсілдері ұсынылған. Диссертант зерттеу мәселесін кешенді қарастырып, білім беру үдерісінде рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытудың мазмұны, құрылымы және технологияларын жаңаша ғылыми негіздеген. Паридинова Б.Ж. ұсынған ғылыми нәтижелер мен негізгі қағидалар жаңашылдығымен ерекшеленеді. Диссертант «рухани дүниетаным» және «тұлғалық-бағдарлы оқыту» ұғымдарына авторлық ғылыми анықтамалар ұсынған. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру және дамытудың факторлары анықталып, жүйеленді. Жүйелік, тұлғалық, мәдениет-танымдық, аксиологиялық, акмеологиялық, герменевтикалық және философиялық-антропологиялық әдіснамалық тұғырлардың өзара байланыстары мен интеграциялық тетіктері сипатталады. Алғаш рет болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, құрылымдық компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалады. «Рухани

Scanned with CamScanner

			дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курсы енгізіліп, «Мәдениеттану» және «Педагогика» пәндерінің мазмұны өзгерді және толықтырылды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зерттеуде алынған ғылыми нәтижелердің мазмұнын жинақтап, педагогика және психология ғылымдарының теориясы мен практикасына жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынуымен ерекшеленеді. Диссертант болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылап, осы бағыттағы педагогикалық үдерісті жетілдіруге арналған тұжырымдамалық қорытындылар жасаған. Диссертацияның қорытынды бөлімінде берілген нәтижелер мен ұсыныстар зерттеу міндеттеріне жауап береді, **ғылыми жаңашылдығымен** және практикалық маңыздылығымен сипатталады. Паридинова Б.Ж. алынған нәтижелерді жүйелеп, оларды педагогикалық теория мен тәжірибеге енгізудің нақты жолдарын көрсеткен.
		1) <u>толығымен жаңа</u>;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

Scanned with CamScanner

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) <u>толығымен жаңа</u>;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері **толығымен жаңа** және негізделген. Зерттеуде жасалған тұжырымдар, ұсынылған әдістеме тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелері және ғылыми жарияланымдармен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **<u>негізделген</u>**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстағы барлық негізгі қорытындылар ғылыми толық **негізделген**. Диссертант зерттеуде сапалық және сандық тәсілдерді біріктіретін аралас әдісті тиімді қолданып, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың тәжірибелік және теориялық нәтижелерін жүйелеген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) <u>дәлелденді</u>;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) <u>жоқ</u>;**	Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен дәлелденген және зерттеуде алынған нәтижелермен дәйектеледі. 7.1 Диссертант тарапынан қорғауға ұсынылған қағидалар негізделіп, дәйектелген, ғылыми **дәлелденген**. 7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидаға жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидалар **тривиалды емес**. 7.3 Диссертацияның ғылыми нәтижелері **жаңа**.

Scanned with CamScanner

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	7.4 Зерттеу жұмысының **қолдану деңгейі кең**, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық негіздері, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру және дамытуға ықпал жасайтын факторларды айқындауда маңызды. 7.5 Ізденушінің диссертациялық жұмыс нәтижелері 26 еңбекте жарияланған, оның ішінде: «Web of Science» және «Scopus» деректер базасында индекстелетін шетелдік басылымдар - 5, ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналдар - 11, Халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - 8, отандық ғылыми журналдарда - 2 жарияланымдар бар. Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар мақалаларда **дәлелденген**.
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең;	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста қолданылған дереккөздер мен ұсынылған ақпарат мазмұндық жағынан толық дәйектілікке ие. Барлық теориялық материалдар, әдістемелік ұсыныстар және тәжірибелік зерттеу нәтижелері зерттеу тақырыбы мен мақсатымен байланысты және үйлесімді түрде ұсынылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	

Scanned with CamScanner

			Диссертацияда зерттеудің әдіснамалық негіздері **нақты** және **жүйелі** көрсетілген. Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу аралас әдісті ұстанады: 1) салыстырмалы-талдамалық шолу; ғылыми ақпаратты жинақтау және жүйелеу; контент-талдау; түсіндірмелі және сипаттамалық талдау; ұғымдарды нақтылау; ғылыми тұжырымдау; модельдеу; логикалық-құрылымдық талдау; аргументтеу және аналитикалық интерпретация; 2) сауалнама, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, диагностикалық әдістемелер; эксперимент; практикалық-эксперименттік жұмыстар жүргізу; педагогикалық модельді тәжірибеде сынақтан өткізу; 3) математикалық және статистикалық өңдеу, алынған мәліметтерді сандық және сапалық талдау, динамиканы бағалау және нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін анықтау. Мұндай аралас әдістер жиынтығы алынған деректердің сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін қолдану арқылы дәлелденген. Автор SPSS Statistics 26.0 бағдарламасымен деректерді

Scanned with CamScanner

		1) **ия;**	өңдеген және талдаған. Зерттеу кезеңінде сұхбат, бақылау және педагогикалық эксперимент деректері жүйеленіп, сандық және сапалық талдау әдістерімен интерпретацияланған.
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста теориялық қорытындылар, диссертант ұсынған құрылымдық-мазмұндық модель, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың өзара байланыстары мен заңдылықтары педагогикалық экспериментпен **нақты дәлелденген**. Эксперимент нәтижелері теориялық болжамдарды растаған, құрылымдық-мазмұндық модельдің компоненттері мен әдістемелік ұсыныстардың тиімділігін дәлелдеген. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі, сенімділігі және практикалық қолданылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Паридинова Ботагоз Жаппаровна жасаған барлық маңызды ғылыми мәлімдемелер нақты және сенімді дереккөздерге сүйеніп **расталған**. Диссертант зерттеуде отандық және шетелдік педагогикалық, психологиялық және философиялық әдебиеттерді пайдаланып, өз тұжырымдарын ғылыми дәлелдеген.

Scanned with CamScanner

			Ғылыми дереккөздер әрбір негізгі қорытынды мен ұсынысты растайтын дәлел шеңберінде көрсетілген, бұл жұмыстың академиялық сенімділігін және ғылыми тұтастығын арттырады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми-зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келеді және әдеби шолуды жүргізуге **жеткілікті**. Автор отандық және шетелдік педагогикалық, психологиялық және философиялық ғылыми еңбектерді қамтып, диссертацияның теориялық және тәжірибелік негіздерін нығайтуда қажетті деректерді пайдаланған. Әдебиеттер тізімі диссертация мазмұнына сәйкес жүйеленген, әрбір негізгі ғылыми тұжырым мен ұсыныс сенімді дереккөздерге сүйенген. Бұл диссертациядағы тақырыптың өзектілігі, ғылыми негізділігі және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін жоғарылатады. Сонымен қатар, әдеби шолу қазіргі білім беру жүйесі, тұлғалық-бағдарлы оқытуды қолданудағы заманауи ғылыми жетістіктермен сабақтастықта жүргізілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық зерттеу болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	

			дамытудың теориялық негізін **кеңейтеді**. Зерттеуде автор болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жүйелеп, педагогика және психология ғылымдарының теориялық білім қорын толықтырған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Паридинова Ботагоз Жаппаровна **практикалық маңызы бар** ұсыныстар жасап, педагогикалық тәжірибеге енгізуге сенімді негіздерді қамтамасыз еткен. Ізденуші болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың нақты педагогикалық жолдарын ұсынып, білім беру практикасында қолдануға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Паридинова Ботагоз Жаппаровна практикалық ұсыныстарды ғылыми негіздеп, жаңашыл инновациялық сипатқа ие және педагогикалық тәжірибеде қолдануға жарамды екенін дәлелдейді. Ізденуші болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың әдістемелік және ұйымдастырушылық жолдарын ұсынған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа;	Паридинова Ботагоз Жаппаровна академиялық жазу нормаларын **жоғары** деңгейде ұстанып,

Scanned with CamScanner

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	диссертацияны логикалық, мазмұндық және тілдік жағынан сауатты түрде ресімдеген. Диссертациялық жұмыс академиялық талаптарға сәйкес жоғары деңгейде жазылған. Диссертант ғылыми тілдің дәлдігі мен айқындығын сақтап, терминологияны дұрыс қолданған. Мәтін логикалық құрылымдалған, тараулар арасындағы байланыс сақталған, тұжырымдар мен қорытындылар нақты баяндалған. Теориялық және тәжірибелік бөлімдерде деректерді ұсыну, ғылыми аргументация, салыстырмалы талдау және қорытындыларды тұжырымдау академиялық стандарттарға сәйкес келеді. Диссертациядағы ғылыми стиль, әдебиеттерге сілтеме беру және мәтінді ресімдеу тәсілдері академиялық талаптарға сай.
11.	Диссертацияға ескертулер		Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның диссертациялық жұмысы өзіндік тұрғыда жазылған, педагогика және психология ғылымдарына өзара үлес қосқан жұмыс болып табылады. Дегенмен, диссертациялық жұмысқа қатысты кейбір ескерту бар: Диссертациялық жұмыста болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық бағдарлы оқыту арқылы дамыту мәселесінің теориялық негіздері философиялық,

Scanned with CamScanner

			педагогикалық және психологиялық тұрғыдан жан-жақты және ауқымды карастырылған. Зерттеу мазмұнының ғылыми тереңдігі мен жүйелілігі жоғары деңгейде екені көрінеді. Сонымен бірге, аталған бағытты болашақта психология саласы аясында тереңдетіп, зерттеу нәтижелері негізінде әдістемелік оқу құралы немесе монография әзірлеу орынды болар еді. Бұл еңбек рухани дүниетанымды дамыту мәселесін практикалық тұрғыдан толықтырып, білім беру кеңістігінде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Алайда, бұл ескертулер диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңызының, ғылыми жаңалықтарының, ғылыми тұжырымдарының мәнділігі мен сапасын кемітпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның диссертациялық жұмысы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар саны жеткілікті және тақырыппен толық үйлеседі, деңгейі жоғары. Мақалалар болашақ мұғалімдерді даярлау барысындағы тұлғалық-бағдарлы оқытудың өзекті мәселелері, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының психологиялық мәселелері, «рухани дүниетаным»,

Scanned with CamScanner

			«руханилық» категорияларының педагогикалық және психологиялық ұғымдары, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру және дамыту факторлары секілді т.б. тақырыптарды қамтиды. Жарияланымдар халықаралық және отандық ғылыми қауымдастыққа арналған беделді басылымдарда жарық көрген, оның ішінде «Web of Science» және «Scopus» деректер базасында индекстелетін журналдар бар. Сонымен қатар, ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналдар мен халықаралық конференция жинақтарында нәтижелер жарияланған. Мақалалар ғылыми деңгейі жоғары, диссертацияның теориялық қағидалары, әдіснамалық негіздері және эмпирикалық нәтижелерін дәлелдейді. Жарияланымдар зерттеу тақырыбының өзектілігін растап, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы мәселесін халықаралық ғылыми кеңістікте танытуға үлес қосады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның диссертациялық жұмысы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуды кешенді зерттеуге

Scanned with CamScanner

			арналған. Жұмыс өзектілігі жағынан болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы, тұлғалық-бағдарлы оқыту мәселесін түсінуге елеулі үлес қосады. Зерттеудің теориялық базасы терең. Диссертант педагогика, психология және философия ғылымдарындағы классикалық және заманауи теориялық тұжырымдарды қарастырып, зерттеу пәні мен нысанына бейімдеген. Негізгі ұғымдар нақтыланып, теориялық тұжырымдар дәйекті баяндалған. Әдістемелік жағынан диссертация ғылыми стандарттарға толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында салыстырмалы-талдамалық шолу, контент-талдау, модельдеу, аналитикалық интерпретация, сауалнама, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, диагностикалық әдістемелер және математикалық және статистикалық өңдеу әдістері кешенді қолданылған. Диссертацияның теориялық маңыздылығы «рухани дүниетаным» ұғымының әдіснамалық негіздерін түсіндіруге мүмкіндік беретін педагогикалық психологиялық, және философиялық түсініктерін жүйелеуде жатыр. Практикалық маңыздылығы жоғары мектепте болашақ мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық және рухани-

			адамгершілік дайындығын жетілдіруде дәріс және тәжірибелік сабақтарда, педагогикалық практикада және әдістемелік семинарларда пайдаланумен байланысты. Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны, құрылымы, әдіснамасы мен ғылыми жаңалығы өлшемінде «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Шешімі: Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі заманғы ғылымның өзекті бағыттарына толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы айқын, теориялық және практикалық маңыздылығы жұмыстың ішкі бірлігі, логикалық дәйектілігімен ерекшеленеді. Диссертация болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жүйелеп, педагогика және психология ғылымдарына жаңа ғылыми үлес қосады. Диссертациялық жұмыс «Дәрежелер беру қағидаларына» толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты, ізденушіге «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент:
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
Психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., психология ғылымдарының кандидаты **Бейсенова Ж.Ж.**

HR қызметі

Подпись _____
Удостоверяю: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR-қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

Scanned with CamScanner